

Мәслихаттың 2014 жылғы 5 ақпандағы № 3 "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2014 жылғы 17 қарашадағы № 65 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 9 желтоқсанда № 5211 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 09.02.2015 № 5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңының 16-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Денисов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 5 ақпандағы № 3 "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4469 болып тіркелген, 2014 жылғы 18 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармағының 3)-тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін алушы мынадай қ ұ ж а т т а р д ы :

ө т і н і ш т і ;

алушының, заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;
психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның

қ о р ы т ы н д ы с ы н ;

мүгедек туралы анықтаманың көшірмесін;
банктегі шоттың болуы туралы құжаттың көшірмесін;
мүгедек баланың үйде оқу фактісін растайтын оқу орнының анықтамасын
ұ с ы н а д ы ; "

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Аудандық</i>	<i>мәслихаттың</i>	<i>кезектен</i>
<i>тыс сессиясының төрағасы</i>	<i>М. Суербасов</i>	
	<i>Денисов</i>	<i>аудандық</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>А. Мұрзабаев</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК